

«КазМұнайГаз» ҰК» АҚ сапа саласындағы саясаты

«КазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) тігінен интеграцияланған ұлттық мұнай-газ компаниясы ретінде көмірсутектер мен оларды қайта өңдеу өнімдерін барлау, өндіру, тасымалдау, сақтау, қайта өңдеу және олардың маркетингі, сервистік инфрақұрылым мен активтерді басқару жөніндегі операцияларды жүргізуді жүзеге асыратын еншілес, тәуелді, сондай-ақ бірлесіп бақыланатын ұйымдарды корпоративтік басқаруды жүзеге асыра отырып, салада бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруда маңызды рөл атқарады.

ҚМГ мұнай-газ саласында мемлекеттің мүддесін білдіреді және акционерлер қызметінің құнды құру, бәсекеге қабілеттілікті арттыру және «жасыл» экономикаға көшу жөніндегі стратегиялық бағыттарына өзінің бейілділігін растайды.

Пайым – қауіпсіздіктің жоғары стандарттарына және орнықты даму қағидаттарына жауап беретін, қаржылық нәтижені барынша арттыруға бағдарланған ұлттық тігінен интеграцияланған мұнай-газ компаниясы.

Миссия – Біз энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Қазақстанның дамуы мен өркендеуі үшін болашақ ұрпаққа деген қамқорлықпен табиғи ресурстарды тиімді және ұтымды игереміз.

Стратегиялық мақсаттар:

- 1) Компанияның өсуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстық база;
- 2) Компания құны тізбегінің тиімділігін арттыру.
- 3) Бизнесті әртараптандыру және өнім портфелін кеңейту.
- 4) Өндірістің көміртекті сыйымдылығын тұрақты дамыту және үдемелі төмендету.

ҚМГ ISO 9001, ISO 14001 және ISO 45001 талаптарына сәйкес сапа, қоршаған ортаны қорғау, денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы басқару жүйесін (бұдан әрі – ИБЖ) дамыту және жұмыс жағдайында қолдау есебінен корпоративтік басқарудың халықаралық талаптарына және менеджменттің озық технологияларына сәйкестендіруге ұмтылуда.

ҚМГ бизнес-процестерді нақты ұйымдастыру, ағымдағы қызметті мониторингілеу және бақылау, заңнама талаптарын бұлжытпай сақтау, процестерді нәтижелі басқару үшін барлық деңгейде персоналдың жауапкершілігі мен өкілеттіктерін бөлу есебінен үздік әлемдік «практикаларға» сәйкес ИБЖ жетілдіруге ұмтылып отыр.

Басқарудың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

- бизнес-процестерді талдау, процестерді тұрақты мониторингілеу, автоматтандырылуын енгізу және оларды қайта инжинирингілеу жолымен қызметің

тиімділігін үздіксіз арттыру. Басқару технологиялары саласында озық тәжірибені үнемі зерттеу және пайдалану және еншілес ұйымдарды оларды қолдану рәсімдеріне тарту;

- ағымдағы қызмет туралы объективті деректерді талдау, жалпы акционерлер мен қазақстандық қоғамның мүдделері ретінде ҚМГ қабылдайтын шешімдер мен өндірістік қызметке, сондай-ақ ҚМГ орнықты және экономикалық даму мақсаттарына сәйкестігі негізінде басқарушылық шешімдер қабылдау;

- ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру жолымен туындайтын проблемалар мен олардың себептерін ескертуге ұмтылу;

- нарықтың ағымдағы және перспективалы жағдайын айқындау үшін мақсатты маркетингтік зерттеулерді және негізгі тұтынушылардың талаптарын жүзеге асыру және олардың қанағаттанушылығын бағалау;

- қызметкерлер арасында ақпаратпен және инновациялық идеялармен еркін алмасу жүйесін енгізу, сапаны жақсарту бойынша персоналды көтермелеу және ынталандыру, жаңа идеяларды ұсыну және дамыту мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, ҚМГ қызметкерлерінің сапа менеджменті қағидаттарына бейілділігін дамыту;

- тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді жеткізетін ұйымдарға Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде және ҚМГ-де қабылданған сапа саласындағы стандарттарға сәйкестігі талаптарын қою;

- ҚМГ қызметкерлерінің сапа саласындағы кәсіби біліктілігін, құзыреттілігін және хабардар болуын үнемі арттыру, оларды өндірістік қызметті, корпоративтік басқару жүйесін, орнықты даму және активтерді қорғауды жетілдіруге белсенді қатысуын ынталандыру;

- ҚМГ-нің өз қызметінің мәселелері бойынша мемлекеттік органдар, акционерлер, серіктестер, қызметкерлер, жұртшылық және басқа да мүдделі тараптар алдында ақпараттық ашықтығы.

ҚМГ басшылығы осы Саясаттың сапа саласындағы ҚМГ құндылықтары мен қағидаттарының көрінісі болып табылатынын және басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде оның ережелерін ұстануға міндеттенетінін мәлімдейді.

ҚМГ басшылығы сапа саласындағы Саясаттың іске асырылуына жауапты болады және ИБЖ жұмыс істеуі және жетілдірілуі үшін қажетті жағдайлар жасауға, осы мақсаттар үшін тиісті ресурстар бөлуге, олардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

ҚМГ-нің сапа саласындағы осы саясаты барлық мүдделі тараптар үшін қолжетімді.

